



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

РК «Об информатизации». В главе 3 того же Закона указываются основные права и обязанности субъектов информатизации [10].

Таким образом, защита прав потребителей в сфере интернет-услуг, к сожалению, не отрегулирована отдельным нормативно-правовым актом в законодательстве нашей республики. Вышеуказанные нормы являются лишь частичным основанием Договора, который заключают потребители при решении пользования сетями Интернета. Тем не менее, обходительные интернет-провайдеры не указывают и не дают в полной мере информацию о правах потребителей при нарушении их соответствующих прав. Так как, определенные права и их защита лишь обозначена в отдельных разнородных документах, то это составляет неудобства для потребителей при использовании их в практической деятельности. Создание отдельного закона, регулирующего отношения между провайдером и потребителем в сфере интернет-услуг, их прав и обязанностей, а также по их защите, было бы намного эффективнее и облегчило бы жизнь современного человека.

Список использованных источников:

1. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (Общая часть) от 27 декабря 1994 года.
2. Гражданский Кодекс Республики Казахстан (Особенная часть) от 01 июля 1999 года № 409-І
3. Брагинский М. И., Витрянский В.В. Договорное право. Книга третья: Договоры о выполнении работ и оказании услуг. М.: Статут, 2002. С. 214.
4. Закон Республики Казахстан «О связи» от 05 июля 2004 года № 567-ІІ

УДК 365.2

ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Фазыл Тогжан

fazyl@mail.ru

«5В030100-Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті
Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Ғылыми жетекші: **з.ғ.к., доцент Сактаганова И.С.**

Жаһандану дәуірінде бүгінгі АКТ (ақпараттық коммуникациялық технологиялардың) даму жағдайында Қазақстанда шетел тәжірибелерін қолдана отырып цифрлық экономикаға бет алуда. Бұл ретте, қазіргі кезде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2% құрайды, және алдағы жылдарда оның өсуі қажет.

Цифрландыру еңбек нарығында қамтылған мамандықтар құрамына қойылатын өндірістік талаптардың қолданыстағы жүйесінен айтарлықтай озып отыр. Еңбек нарығы мен білім беру жүйесі арасында жедел байланыстың болмауы бір мезгілде талап етілмеген кадрларды даярлауға және «өлмелі» мамандықтар бойынша кадрлардың босауына әкелуі мүмкін. Білім берудің барлық деңгейінің мазмұнын барлық мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы толығымен қайта қарау қажет. Айтарлықтай маңызды мәселе болып Қазақстан Республикасында жоғары білікті жұмыс күшінің тапшылығы табылады. Шақыртылған мамандардың көбісі қысқа мерзімге келеді де, кейін кетіп қалады.

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану арқылы республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау. Бағдарлама 2018-2022 жылдар кезеңінде іске асырылады және елдің флагмандық

салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін береді, еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды [1].

Соңғы ондаған жылдар бойы Қазақстан шетелдік жұмыс күшін тартуда. Қарқынды дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстан көршілес мемлекеттерден келген мигранттар үшін өз азаматтығының шектерінен тыс жұмыс іздеу үшін тартымды. Еңбек көші-қонының деңгейіне өте көп факторлар әсер етеді. Мұндай факторларға мемлекеттің экономикалық дамуын, конституциялық құрылымын, саяси жүйесін, оңтайлы заңнамалық қамтамасыздандыруын жатқызуға болады.

Бұл ретте мемлекеттік органдар еңбек көші-қонын бақылауға тырысады, дегенмен, жалпыға мәлім және жылдар бойы шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар. Біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев, шетелдік инвесторлардың кезекті Кеңесінде сөз сөйлеген кезде: «Еңбекке тартылатын жұмыс күшінің көлемі жыл сайын артып келеді. Егер біздің елімізге тар бейінді мамандар - инженерлер, технологтар шақыртылса, онда бұл жағдай ақталар еді. Бірақ, шын мәнісінде, бөлінген квотаның ауқымында Қазақстанға жұмыскерлер: аспазшылар, құрылыс мамандықтарының қара жұмысшылары келеді, ал мұндай жұмыскерлер біздің елімізде тапшы емес», - деген. Осыған байланысты жергілікті халық арасында жұмыссыздық артуда. Жергілікті халық, мысалы, ауыл шаруашылығы саласына (қол еңбегі қажет) жұмысқа орналасуға тырыспайды, себебі төленетін еңбекақы төмен. Бұл ретте еңбек мигранттары экономиканың аграрлық секторында да, сондай-ақ басқа секторларда басым екені айқын. Жергілікті халық білім деңгейі мен еңбек тәжірибесі талап етілмейтін жұмысқа орналасуға ұмтылмайды. Жергілікті халық үшін мұның басты себептері - келешегінің болмауы және «жұмыстың абыройлы еместігі». Осындай жұмыстарға Орталық Азиядан келген заңсыз еңбек мигранттары орналасатынын атап өткен жөн.

Қазақстан үшін тағы бір мәселе ретінде еңбек көші-қонының заңсыздығын атауға болады. Еңбек көші-қонының заңсыздығына еңбек қызметін қолданыстағы заңнаманы бұзу арқылы жүзеге асыру деген анықтама берілді. Заңсыз нысаны қажетті рұқсат құжаттарын алудың қиындығымен, жұмыс берушілердің арзан жұмыс күшін пайдалануға деген үлкен мүдделігімен және экономиканың көлеңкелі секторының болуымен алдын ала анықталды. Біздің еліміздің басты мақсаты болып заңсыз еңбек көші-қонын қысқарту табылады. Осыған байланысты «Заңсыз еңбектенуге көшіп келушілерді жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» 2006 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл ретте «Осы Заңның күші шетелдік азаматтарға; Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, Қазақстан Республикасына келген; Қазақстан Республикасында болу құқығына құжаттары жоқ; өзі туралы жалған мәліметтер берген немесе қажетті құжаттарды бермеген адамдарға таралмайды». [2].

Заңсыз еңбек көші-қонының күрделі мәселелерінің бірі болып адамдарды сату табылады. Көптеген еңбек мигранттары Қазақстан Республикасына келгеннен кейін адам сатушылардың қолына түседі. Олар еңбек мигранттарының еңбегін тегін пайдаланады, олардың төлқұжаттарын тартып алып, өздеріне тәуелді етіп қояды, кемсітеді және пайдаланады.

Халықаралық көші-қон ұйымның Қазақстандағы Миссиясы әзірлеген аналитикалық құжатта көрсетілгендей, республика елде осындай мәселенің бар екенін мойындады және адам сатумен күресу үшін заңнамалық шараларды қабылдады. 2006 жылғы 2 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамдарды сатуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Қазіргі таңда бұл бап «Адамдарды сату» деп аталады және төрт бөлімнен тұрады. Баптың 1-ші бөлімі ауырлығы орташа қылмыстарға жатады және 5 жыл мерзіміне дейін бас бостандығынан айыру түрінде жаза қарастырылған. 128-баптың 4-ші бөлімінде қарастырылған максималды жазалау шарасы ретінде бас бостандығынан айыру мерзімі 15 жылға дейін ұлғайтылған және дүние-мүлкін тәркілеу қарастырылған. Қылмыстық Кодексте адамдарды сатумен байланысты барлық баптарда қылмыстың осы түрлері бойынша жазаны қатандату қарастырылған [3].

Еңбек көші-қонының мәселелері әлемнің барлық-дерлік елдеріне таралды, Еуропа да қалыс қалған жоқ. Сонымен, Еуропадағы шетелдіктер биліктің және жекелеген фирмалардың тарапынан кемсітушілікті сезінеді, сондай-ақ тұрғылықты халықтың да көңілі толмайды, себебі олар эмигранттарға еңбек нарығындағы шынайы бәсекелестер ретінде қарайды. Бүгінгі таңда Жер шарындағы барлық мигранттардың бестен бір бөлігі Еуропада.

Еуроодақтың шығысқа қарай кеңеюі салдарынан көші-қон үдерістерінің күшейгені байқалды. ЕО «жаңа» сегіз елінен келген еңбек мигранттарының саны 2004 жылы шамамен 1 млн. адамнан (ЕО халқының жалпы санынан 0,3%) 2010 жылы 2,3 млн. адамға дейін ұлғайды (0,6%). 2015 жылы 3,3 млн. адамға дейін және 2020 жылға қарай 3,9 млн. адамға дейін ұлғайды, ал мигранттар үлесі сәйкесінше 0,8% және 1% дейін ұлғаяды деген болжам бар. Бұл ретте 2010 жылдың соңында ЕО 15 «ескі» елдерінде шамамен 19 млн. бейрезидент Еуроодаққа жұмыс істеді (барлық халықтың кем дегенде 5%). [4].

Көп ұзамай, еңбек мигранттарының қарқынды ағысы Люксембургте байқалды, мұнда еңбек мигранттарының шамамен 57,3% - бұл иммигранттар; Бельгияда - 8,9% және Германияда - 8,8%, Австрияда еңбек мигранттарының үлесі 10,5% құрады.

ТМД елдерінде мәселелердің басқа блогы байқалады. Қырғызстаннан, Тәжікістаннан және Өзбекістаннан келген еңбек мигранттары Қазақстан Республикасында еңбек шартын жасаспай, тиісті еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды қамтамасыздандырмай, сондай-ақ толық емес еңбекақыға жұмысқа орналасады. Сондай-ақ мәжбүрлі еңбек пен еңбекақыны төлемеу де байқалады. Еңбек жағдайы мен еңбек қауіпсіздігі еңбек ететін мигранттар құқықтарының заңдылығының басты критерийі болып табылатынын атап өткен жөн, демек, ХЕҰ-на (Халықаралық еңбек ұйымы) мүше-елдерге, соның ішінде Қазақстан Республикасына осы Ұйымға мүшелік еуден туындайтын міндеттемелер жүктеледі, тіпті бұл олардың қандай да бір конвенцияны, соның ішінде еңбек мигранттарына қатысты конвенцияна ратификацияламағанына қарамайды. Ұжымдық шарттарды жасасу құқығын шынайы монйыдау, мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жою, еңбек және еңбекпен қамту саласындағы кемсітушілікке жол бермеу ХЕҰ-ң басты қағидалары болып табылады. Барлық осы талаптар ХЕҰ-на мүше-елдерде экономикалық дамуының деңгейіне қарамастан орындалуы тиіс.

Аса маңызды мәні болып еңбекші-мигранттарға бұрын-соңды болмаған әлемутеттік қамтамасыздандырудың негізгі түрлерінің, соның ішінде науқастануына, өндірістегі жазатайым оқиғаға немесе кәсіби ауруларға байланысты, мүгедектігі бойынша жәрдемақылардың, балаларға отбасылық жәрдемақылардың және жас ұлғаюына байланысты зейнетақының тағайындалуы табылады. Мысалы, Қазақстан Республикасында еңбек жағдайының қауіпсіздігіне қатысты бұзылымдар анықталды. Жұмысқа заңды түрде қабылдаған кезде еңбекші-мигрантқа еңбек жағдайы мен еңбек қауіпсіздігіне кепілдік беріледі, ал мигрантты жұмысқа құжатсыз қабылдаған кезде жұмыс беруші мигрантқа берілетін еңбекақыны ғана емес, сондай еңбек жағдайы мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қаражат үнемдейді.

Оңтүстік Қазақстанда зерттеу жүргізілген кезде еңбек мигранттарының 32,9% ғана жұмыс берушімен ресми еңбек шартын рәсімдегені, 46,9% ауызша уағдаластықпен жұмыс істейтіні, 2,4% жеке кәсіпкердің патентін рәсімдегені белгілі болды. Тағы 16,9% жауап беруден бас тартты. Еңбек жағдайының бұзылуының тағы бір факті еңбек мигранттарының жұмыс күні 10-12 және одан артық сағатты құрайтыны, сондай-ақ, түскі ас ішуге үзілістің болмауы, еңбек демалыстарының берілмеуі, демалыс төлемінің төленбеуі, еңбекақының төмендігі болып табылады. ҚР Еңбек Кодексіне сәйкес, жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы бес күндік жұмыс аптасы кезінде 40 сағаттан аспауы тиіс. Бұл жұмыс аптасы нормадан айтарлықтай асатынын, осылайша қазақстандық заңнаманың талаптарын бұзатынын білдіреді. Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету үшін және жұмыс атқару кезінде жұмыскердің өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу үшін Қазақстанда жұмыскердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесі қарастырылған. «Қауіпсіз еңбек жағдайы – жұмыс беруші жұмыскерге зиянды және қауіпсіз

еңбек факторлары әсер етпейтіндей немесе олардың нормалары қауіпсіздік нормаларынан аспайтындай етіп жағдай жасаған еңбек жағдайлары». [5].

1968 жылы ЕО ауқымында азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтетін ЕО Регламенті қабылданды: ЕО мүше-елдерден шыққан әр адам белгілі мемлекеттік ұлттық жұмыс күшінің еңбегін реттейтін заңдарға, ұйғарымдарға және әкімшілік ережелерге сәйкес Қауымдастықтың басқа мемлекетінің аумағында жұмысқа қабылдануға және еңбек атқаруға құқық иеленді. Бұрын қолданылған шектеулер жойылды, мысалы, жұмысты ауыстыру үшін елде болу мерзімінің кем дегенде төрт жыл болуы тиіс және кәсібін ауыстыру үшін елде кем дегенде үш жыл болуы тиіс деген талаптардың күші жойылды.

Заңнамада Қауымдастықтың басқа елдерінен келген еңбекші-мигранттардың құқықтарын жұмысқа алған кезде, еңбекақы төлеген кезде, кәсіби даярлық мәселелеріне қатысты, қызметтік мансабын арттыру және басқа мәселелер бойынша ұлттық жұмыс күшінің барлық құқықтарымен теңестіруге өкім берілді. Бұл ретте ЕО азаматтарының үшінші елдерден келген шетелдік жұмыскерлер алдындағы артықшылықты құқықтарын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Соныман қатар, зерттеулер көрсеткендей, көршілес елдерден келген еңбекші-мигранттардың тең жұмысқа қатысты құқықтарының теңдігінің жарияланғанына қарамастан, іс жүзінде бұл теңдік үнемі сақталған жоқ. Еңбекші-мигрантқа төленетін еңбекақыны төмендетудің әдістерінің бірі болып ротация табылады: иммигрантқа басқа кәсіпорынға ауысу ұсынылды, ал мұның салдарынан ол еңбек өтілі үшін үстемеақы айырылады. Нәтижесінде көптеген иммигранттар осындай үстемеақыларды мүлдем алмаған немесе ұлттық еңбек етушілерге қарағанда айтарлықтай аз мөлшерде алған.

Еңбек көші-қонының келесі мәселесі болып экономика табылады. Қазақстан Республикасында көлеңкелі бизнес арқылы айтарлықтай төлем қабілеті бар сұраныс қанағаттандырылуда, көлемін тіпті болжап бағалау мүмкін емес ақша экономикадан тыс жылыстауда. Мысалы, 2006 жылы келімсек жұмыскерлердің ақша аударымдары 1,1 миллиард долларды құрады, соның салдарынан еліміздің бюджетіне тиісті салықтардың толық төленбеуі түрінде айтарлықтай залал келтіріледі. Көптеген елдерде «мигранттар» - мигранттардың ақша аударымдары жалпы ұлттық өнімнің айтарлықтай бөлігін құрайды. Мысалы, Әзірбайжан азаматы бір айда үйіне орта есеппен 133 АҚШ долларын жіберді, Украина және Армения азаматы - 130, Молдавия азаматы - 110, Грузия азаматы - 86, Өзбекістан азаматы - 52, Тәжікістан азаматы – 51 АҚШ долларын жіберді.

Ал Ресейде болған толық кезең ішінде (соңғы рет келгеннің өзінде) Әзірбайжан азаматы үйіне орта есеппен 5852 АҚШ долларын, Армения азаматы - 4810, Грузия азаматы - 4042, Молдавия азаматы - 2750, Украина азаматы - 2210, Белорусь азаматы - 2140, Қазақстан азаматы - 1121, Тәжікістан азаматы - 765, Қырғызстан азаматы - 711, Өзбекістан азаматы – 676 АҚШ долларын жіберді.

Келімсек жұмыскерлер арасында тәртіпсіздіктердің туындауына, қылмыстылықтың артуына жол бермеу мақсатында құрылыс кәсіпорындарының қызметінің тоқтауына байланысты жұмыстан босатылған шетелдік жұмыскерлерді анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді [3]. Астанада 669 әртүрлі нысандар тексерілді, құрылыс кәсіпорындардағы жұмысынан босатылған шамамен 3 мың шетелдікке біздің елімізде болу мерзімі қысқартылды.

Және бүгінгі таңда қазақстандықтар үшін, ресейліктер мен белорустар үшін де интеграциялық бірлестіктерге қатысушы-елдердің аумағындағы еңбек қызметімен байланысты бірқатар мәселелер туындады. Бұл ретте негізгі мәселелердің бірі болып еңбек мигранттарының өз құқықтары мен міндеттері туралы төмен деңгейде хабардар болуы табылады. Заңнаманы білмеуінің салдарынан, олар еңбек қызметін атқара отырып, жергілікті халықтың орнын басып алғандай болады және олармен қарсыластыққа тап болуы мүмкін.

Бұл жағдайда еңбек мигранттарының немесе адам капиталының еркін жүруі БЭК (Бірыңғай экономикалық кеңістікке) қатысушы-елдердің бірінде жұмысқа орналасқан кезде

жұмыскерлерге уақытты айтарлықтай үнемдеуге рәсімді жеңілдетуге мүмкіндік беретін бірқатар келісімдерде айтарлықтай нақты баяндалған. Осындай келісімдердің бірі болып «Көшіп-қонушы еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімді ратификациялау туралы» келісім табылады, соған сәйкес БЭК мүше-елдердің аумағына келу және жұмыс атқару тәртібі айтарлықтай жеңілдетілді. 2011 жылғы 19 қарашада Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының арасында жасалған бұл құжат 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. [6].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

2. Қазақстан Республикасының «Заңсыз еңбектенуге көшіп келушілерді жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңы (2006 жыл 4 шілде)
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі (2014 жыл 3 шілде)
4. Р.Холзман, Р.Мюнц. Проблемы и перспективы развития международной миграции в ЕС, входящих в него государствах, в соседних странах и регионах: вопросы политики. - Стокгольм: Intellecta Stralins, 2004.
5. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (2015 жыл 23 қараша) (6-тарау. Жұмыс уақыты, 77-бап. Үстеме жұмыс)
6. Қазақстан Республикасының «Көшіп-қонушы еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заңы (2012 жыл 1 қаңтар)

УДК 347(574)(075.8)

ИНТЕРНЕТ-ДҮКЕНДЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ АРҚЫЛЫ РЕТТЕЛМЕУІ

Шымберген Жұлдыз Рахатқызы
juldyz_98@inbox.ru

Аңдатпа. Қазіргі таңда интернет-дүкендердің саны қарапайым дүкендерден саны жағынан асып кеткенімен қоса, танымалдылығы да жоғары. Сондықтан, сауда-саттықтың ерекшелігі осы мәселе бойынша өзекті мәселе болып табылады. Осы мәселеге байланысты қандай нюанстар бар? Мысалы, Интернет арқылы сауда жасауға тыйым салынған өнімдердің тізімі, интернет-дүкен арқылы сатып алынған тауарларды қайтарудың арнайы ережелері, кейбір интернет - дүкендерде түбіртекті басып шығармай, оларды электрондық пошта арқылы жібереді.

Аннотация. Интернет-магазини уже давно превзошли количеством обычные магазини. Поэтому актуальными стали вопросы о том, в чем особенность торговли таким способом. Какие нюансы есть»? Например, существует список товаров, которыми запрещено торговать через интернет. Есть специальные правила возврата товаров, купленных через Интернет-магазин. С нового года такие магазини получают право не печатать кассовые чеки, а высылать их покупателям по электронной почте.

Кілт сөздер: интернет – дүкен, Заң, ақпарат, сату – сатып алу, тауар.

Интернет-дүкендерде және онлайн аукциондарда тауарларды сатып алу, желі арқылы электронды өнімдерді алу, қызметтерді пайдалану және интернет арқылы тауар бағасын төлейтін тұтынушылардың саны күннен – күнге өсіп келеді. Жалпы мағынада, электрондық сатылым (коммерция) ақпарат, тауарлар мен қызметтер сияқты мүліктік немесе мүліктік емес игіліктерді электронды түрде сату ретінде түсініледі. Электрондық коммерция жүйесі тек сатып алу-сату операцияларын ғана емес, сонымен қатар, өнімдер мен қызметтерге сұранысты қалыптастыру үдерістерін қолдау, сату және өңдеу тапсырыстарына қатысты әкімшілік функцияларды автоматтандыру және әріптестер арасында ақпарат алмасуды